



**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметінің салық полициясында қызмет өткеру туралы ережені бекіту туралы<\*>**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 сәуір N 459. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.04. N 1702 қаулысымен. ~P971702

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар N 2235 Z952235\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметінің

салық полициясында қызмет өткеру туралы Ереже бекітілсін, қоса беріліп отыр.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі киім үлгілерін әзірлеуге тапсырыстардың орналастырылуын және онымен нормалар бойынша салық полициясы қызметкерлерінің қамтамасыз етілуін ұйымдастырсын.

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі салық милициясының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 маусымдағы N 596

P940596\_

қаулысы күшін  
жойды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 16 сәуірдегі  
N 459 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
салық қызметінің салық полициясында қызмет өткеру туралы  
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

Бұл ереже Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі органдарының салық полициясы қызметкерлерінің қызмет көтеру тәртібін, олардың қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін, құқықтық мәртебесін және салық полициясы бөлімшелерін ұйымдастыру жүйесін айқындайды.

1. Салық полициясы

Салық полициясы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметінің орталықтандырылған құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Салық полициясының негізгі міндеттері

Салық заңдарының атқарылуын қамтамасыз ету, олардың тиімділігін зерттеу:

салық қылмыстары мен құқық бұзушылықтарын анықтау, тыю;  
салық қызметі жұмысының хауіпсіздігін қамтамасыз ету;  
қылмыс жасаушылықпен күрес мәселелері бойынша басқа құқық қорғау органдарымен бірлесіп жұмыс істеу.

3. Салық полициясы органдарының жүйесі

Салық полициясы органдарының жүйесін Бас салық инспекциясының салық полициясы басқармасы, облыстар, Алматы қаласы бойынша салық полициялары және салық полицияларына тікелей бағынысты ауданаралық салық тергеу б ө л і м д е р і қ ұ р а й д ы .

Салық полициясы органдары бөлімшелерінің құрылымын, лауазымдардың атауын және оларға тиісті шектес арнаулы атақтарды салық полициясы басқармасы бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының бастығы айқындайды.

Салық полициясы органдарының қызметіне жалпы басшылықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының бастығы жүзеге асырады.

Салық полициясы органдарына тікелей басшылықты лауазымы жөнінен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы бастығының орынбасары болып табылатын салық полициясы басқармасының бастығы жүзеге асырады.

#### 4. Салық полициясы басқармасы

Салық полициясы басқармасы:

салық полициясы қызметтің негізгі бағыттарын, жұмысын бағалау өлшемдерін айқындайды;

салық полициясының төменгі бөлімшелерінің шұғыл-қызмет бабындағы жұмысын ұйымдастырады;

салық полициясының бөлімшелері үшін салық құқық бұзушылықтарын талдауды жүзеге асырады және әдістемелік нұсқамаларды әзірлейді;

салық полициясы қызметкерлерін даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

салық полициясы органдарына бақылауды жүзеге асырады және заңдарды сақтау мәселелері бойынша түсініктеме береді;

салық полициясы қызметкерлерінің арнаулы есебін жүргізіп отырады.

#### 5. Салық полициясының қызметкерлері

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі салық полициясының қызметкерлеріне (бұдан әрі - салық полициясының қызметкерлері) салық полициясы органдарында қызметте жүрген, белгіленген тәртіппен арнаулы атақтар берілген Қазақстан Республикасының азаматтары жатады.

Салық полициясының қызметкерлеріне бірыңғай үлгідегі қызмет куәліктері, жетон және жеке нөмірлер беріледі, олар үлгілерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тегін киім-кешекпен қамтамасыз етіледі.

Салық полициясының қызметкеріне басқа ұйымдарда жұмыс істеуіне, ғылыми, оқытушылық және басқа да шығармашылық қызметтен басқа кәсіпкерлік қызметпен айналысуына тыйым салынады.

Салық полициясының қызметкерлері салық полициясы органдарында қызмет атқарған кезеңінде әскери есептен шығарылып, салық полициясында арнаулы есепте тұрады.

## 6. Салық полициясының міндеттері

### Салық полициясының органдары:

Қазақстан Республикасы салық заңдарының бұзылғандығы туралы арыздарға, хабарламалар мен басқа да ақпараттарға тексеру жүргізуге;

заңдарға сәйкес салық төлеушілер туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға;

салық заңдарының бұзылу фактілерін жинауға, оларға талдау жасап, баға беруге және салық құқық бұзушылығы мен қылмыстарына түрткі болатын себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізуге;

салықтардың төленбеуіне байланысты қылмыстардың бетін ашу мақсатында заңда көзделген негізде және тәртіппен шұғыл-ізвестіру әрекеттерін жүргізуге, анықтауға;

заңды және жеке тұлғалардың салық төлемеуіне байланысты яки олардың пайданы (табысты) жасырып қалу немесе азайтып көрсету, салық салу объектілерін жасыру мақсатында жасайтын қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылықты, салықтарды, және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеуден жалтарудың басқа да әрекеттерін, сондай-ақ салықтардың және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің түспеуіне немесе кем түсуіне байланысты мемлекеттің зиян шегуіне соқтырған қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтауға және олардың алдын алуға;

өзінің құзыры шеңберінде салық қызметі жұмысының қауіпсіздігін, оның қызметкерлерін қызмет бабындағы міндеттерін орындауы кезінде қылмыстық және құқыққа қарсы өзге де қаскүнемдік әрекеттерден қорғауды қамтамасыз етуге;

салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеуден

жалтарған, олар жөнінде мемлекет алдында борышы бар екені яки декларация беруден жалтарып жүргені туралы ресми мәліметтер келіп түскен жеке және заңды тұлғаларды өз құзыры шегінде іздестіруге міндетті.

Салық полициясы қолданылып жүрген заңдардан туындайтын өзге де міндеттерді өз құзыры шегінде орындайды.

Салық полициясына заңдарда және осы Ережеде көзделмеген міндеттер жүктелмейді.

## 7. Салық полициясының құқықтары

Салық полициясы органдарының:

занды тұлғалар (оның ішінде ерекше тәртіппен жұмыс істейтін заңды тұлғалар) мен жеке тұлғаларда барлық ақша құжаттарына, бухгалтерлік кітаптарға, есептерге, сметаларға, қолда бар ақшалай қаражатқа, бағалы қағаздар мен басқа да игіліктерге, есеп айырысуларға, декларацияларға, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдерді есептеу мен төлеуге байланысты басқа да құжаттарға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіппен және шарттар негізінде тексеру жүргізуге, ұйымдардың лауазымды адамдары мен басқа да қызметкерлерінен, сондай-ақ азаматтардан осы тексерулер кезінде туындайтын мәселелер бойынша анықтамалар, ауызша және жазбаша түсініктемелер алуға ;

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес салық тергеулерін жүргізуге ;

өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде табыс алу үшін пайдаланылатын не орналасқан жеріне қарамастан салық салу объектілерін ұстауға байланысты ұйымдар мен азаматтардың кез-келген өндірістік, қойма, сауда және басқа да үй-жайларын қолданылып жүрген заңдарды сақтай отырып тексеруге ;

ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарына, сондай-ақ азаматтарға салық заңдарының анықталған бұрмалаушылықтарын жою туралы міндетті түрде орындалатын нұсқаулар беруге және олардың орындалуын бақылауға ;

салық заңдарының анықталған бұрмалаушылықтарын жою туралы талаптар орындалмаған, салық полициясының қызметкерлері тексеру мен тергеуге жіберілмеген, бухгалтерлік есептер мен баланстарды, есеп айырысуларды, декларацияларды және табыс алумен, салық салу объектілерін ұстаумен, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдерді есептеумен және төлеумен байланысты басқа да құжаттар берілмеген жағдайда анықталған жолсыздықтар жойылғанға дейін салық полицияларының бастықтары, салық тергеулері бөлімдерінің бастықтары арқылы ұйымдар мен азаматтардың банктердегі есеп айырысу және басқа да шоттары бойынша олардың шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар. Жалған, қолдан жасалған құжаттар анықталған жағдайда салық заңдарының бұзылғанын айғақтайтын құжаттар алынып, салық төлеушіге алынған құжаттардың тізімі көрсетілген акт тапсырылады ;

салық заңдарын бұзған ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға салық полицияларының бастықтары, салық тергеулері бөлімдерінің бастықтары арқылы қолданылып жүрген заңдарда көзделген салық санкциялары мен

айыппұлдарын

қолдануға;

салықтар, айыппұлдар мен өсімдер белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұйымдар мен азаматтардың жылжымалы және жылжымайтын мүлкін, ақша-валюта қаражатын хаттауға;

ұйымдардың лауазымды адамдары мен азаматтардың салық заңдарын бұзу фактілері бойынша хаттамалар жасауға;

сауда және басқа ұйымдардан, жеке кәсіпкерлерден тауарларды (өнімді), орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бақылау мақсатымен сатып алуға;

кәсіпкерлік қызмет, тексеріліп, отырған ұйымдар мен азаматтардың операциялары және шоттарындағы ақша қаражатының жай-күйі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізетін басқа заңды тұлғалардан, банктерден, биржалардан және азаматтардан тек қана қызмет бабында пайдаланылатын мәліметтер, анықтамалар, сондай-ақ құжаттар алуға;

егер азаматтар мен лауазымды адамдар қылмыс жасады деп күдіктенуге жеткілікті негіз болса немесе олар әкімшілік құқық бұзу әрекеттерін жасаса, олардан жеке басының кім екенін анықтау үшін қажет құжаттарды талап етуге және тексеруге;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негізде және тәртіппен шұғыл іздестіру, анықтау іс-әрекеттерін жүргізуге;

қылмыс белгілері байқалған жағдайда қылмыстық-іс жүргізу заңдарында көзделген негізде, тәртіппен және мерзімде заңды және жеке тұлғаларға кезектен тыс тексеру жүргізуге;

салық органдарында жемқорлықтың алдын алуға, оны анықтауға және тыюға;

"Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында көзделген негізде және тәртіппен қаруды, арнаулы құралдарды сақтауға, алып жүруге, қолдануға;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасауға әкімшілік жолмен ұстауға, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңдарда көзделген басқа да шараларды қолдануға;

салық құқық бұзушылығына қарсы күресі мақсатында өз құзыры шегінде адамдардың, заттардың және фактілердің есебін жүргізуге;

таксиден басқа қоғамдық көлікте тегін жүріп-тұруға құқығы бар.

Салық полициясы органдары қылмысқа қарсы күресу мүдделері үшін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік тергеу комитеті жүйелерінің уақытша ұстап тұратын оңаша бөлмелерінің, тергеу бөлмелерінің, ақпарат орталықтарының, автоматтандырылған ақпарат-іздестіру

жүйелерінің (шұғыл іздестіру қызметінің объектілері мен субъектілерін есепке алудан басқа), мекен-жай бюроларының мүмкіндіктерін тегін пайдаланады.

"Шұғыл іздестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының шегінде салық полициясы органдарының арнаулы шұғыл іздестіру шараларын жүргізу жөніндегі тапсырмаларын тиісті қызмет орындары риясыз негізде орындайды.

Салық полициясы органдарының банктерде есеп айырысу шоттары, елтаңбалық мөрлері және белгіленген үлгідегі іс қағаздары болады.

## 8. Салық полициясының арнаулы мәселелері

Салық полициясы органдары мен бөлімшелерінің лауазымды адамдары қылмыстық іс жүргізу, шұғыл іздестіру қызметі мәселелері және "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында (171-баптың 9,10,11, 12-тармақтары, 172-баптың 2, 15, 16, 17, 18, 19-тармақтары) көзделген арнаулы құзыреттің өзге де мәселелері бойынша салық полициясының жоғары тұрған органдарына және Бас салық инспекциясының бастығына есеп беріп отырады.

Шұғыл іздестіру қызметін реттейтін заңда және нормативтік актілерде көзделген жағдайлардан басқа кезде салық полициясының іс жүргізу және шұғыл іздестіру қызметіне араласуға жол берілмейді.

Салық полициясының бастықтары құзыреті шегінде қабылдаған шешімдерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы басқармасының бастығы, Бас салық инспекциясының бастығы тоқтата алады немесе өзгерте алады, сондай-ақ бұл шешімдер заңда көзделген тәртіппен тоқтатылады немесе өзгертіледі.

## ІІ. Қызмет тәртібі

### 9. Салық полициясы органдарындағы қызмет тәртібі

Салық полициясы қызметкерлерінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында, Антта, қызмет туралы келісім-шартта, Қаржы министрінің, Бас салық инспекциясы бастығының, салық қызметі салық полициясы басқармасы бастығының (бұдан әрі - Бас салық полициясы басқармасының бастығы), облыстар мен Алматы қаласы бойынша салық полициясы бастығының және салық полициясының басқа да лауазымды адамдарының өз құзыреті шегінде шығарған бұйрықтарына белгіленген тәртіп пен ережелерді сақтау болып табылады.

Бас салық полициясы басқармасының бастығына, облыстар мен Алматы қаласы бойынша салық полициясының бастықтарына өздерінің қарамағындағы қызметкерлердің арасындағы қызмет тәртібінің жай-күйі үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

#### 10. Салық полициясының қызметкерлеріне қолданылатын көтермелеу түрлері

Салық полициясының қызметкерлеріне қызмет міндеттерін үлгілі орындағаны және жұмыста жоғары нәтижелерге жеткені үшін мынадай көтермеулер қолданылады:

- а) алғыс жариялау;
- б) бұдан бұрын жарияланған сөгісті алу;
- в) ақшалай сыйлық беру;
- г) бағалы сыйлық немесе Құрмет грамотасын беру;
- д) омырауға тағатын белгімен наградтау;
- е) кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын беру;
- ж) штаттық лауазымда көзделген атақтан бір саты жоғары кезекті арнаулы атақ беру.

Қызмет борышын орындау кезінде көрсеткен батылдығы мен ерлігі, сіңірген басқа да ерекше еңбегі үшін салық полициясының қызметкерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынылуы мүмкін.

#### 11. Бастықтардың қарамағындағы қызметкерлерге көтермелеулерді қолдану жөніндегі құқықтары

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қарамағындағы салық полициясының қызметкерлері жөнінде осы Ереженің толық көлемінде көтермелеу шараларын қолдану құқығын пайдаланады.

Бас салық инспекциясы бастығының, Бас салық полициясы басқармасы бастығының, облыстар, мен Алматы қаласы бойынша салық полициялары бастықтарының:

- а) алғыс жариялауға;
- б) бұдан бұрын жарияланған сөгісті алуға;
- в) ақшалай сыйлық беруге;
- г) бағалы сыйлық немесе Құрмет грамотасын беруге құқығы бар.

#### 12. Салық полициясының қызметкерлеріне



## қолданылатын тәртіптік жазалар

Салық полицияларының қызметкерлеріне мынадай жазалар қолданылуы мүмкін:

- а) ескерту жасау;
- б) сөгіс;
- в) қатаң сөгіс;
- г) қызметке толық сай келмейтіндігі туралы ескерту;
- д) лауазымын төмендету;
- е) арнаулы атағын бір саты төмендету;
- ж) салық полициясы органдарынан шығарып жіберу.

### 13. Бастықтардың қарамағындағы салық полициясы қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолдану жөніндегі құқықтары

Облыстар мен Алматы қаласы бойынша салық полицияларының бастықтары салық полициясы органдарының кіші басшы құрамының қызметкерлері, инспекторлары мен аға инспекторлары жөнінде арнаулы атағын бір саты төмендетуден басқа осы Ереженің толық көлемінде тәртіптік жазалар қолдану құқығын пайдаланады.

Салық полициясы басқармасының бастығы қарамағындағы қызметкерлерге арнаулы атағын бір саты төмендетуден басқа өзінің құзыреті шегінде осы Ереженің толық көлемінде тәртіптік жазалар қолдану құқығын пайдаланады.

Бас салық инспекциясының бастығы салық полициясының қызметкерлеріне арнаулы атағын бір саты төмендетуден басқа осы Ереженің толық көлемінде тәртіптік жазалар қолдану құқығын пайдаланады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің осы Ереженің толық көлемінде тәртіптік жазалар қолдануға құқы бар.

Салық полициясының қызметкері өзіне тәртіптік жаза қолданғандығы жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министріне дейін және заңда белгіленген тәртіппен шағынуға құқылы.

### 14. Көтермелеу және жазалау шараларын қолдану тәртібі

Көтермелеу және тәртіптік жазаларды тікелей және жоғары тұрған бастықтар:

Қаржы министрі, Бас салық инспекциясының бастығы, Салық полициясы басқармасының бастығы, облыстар, Алматы қаласы бойынша салық инспекцияларының бастықтары көтермелеу шараларын қолдану бөлігінде, олардың орынбасарлары - салық полицияларының бастықтары өздеріне берілген құқықтар шегінде қолданады.

Лауазымы бойынша міндеттерді уақытша атқарған жағдайда, бұл жайында бұйрықта айтылған кезде, бастық уақытша атқарылатын лауазымына сәйкес тәртіптік жазалар қолдану құқықтарына пайдаланады.

Көтермелеу мен тәртіптік жазалау шаралары бұйрықпен жарияланады.

Көтермелеу және тәртіптік жазалау шаралары жайында қызметкерге жеке қолын қойдырып немесе жеке құрамның ол қатысып отырған кеңесінде, жиналысында жарияланады, бұл жөнінде бұйрыққа жазу жазылады.

Тәртіптік жазалау шарасы жағымсыз әрекет байқалған күннен бастап бір айдан кешіктірмей қолданылады, ал қызмет бабындағы тексеру болған, қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған жағдайда - тиісті орган немесе лауазымды адам қылмыстық істі не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі тексеруді, қарауды аяқтаған күннен бастап бір айдан кешіктірмей қолданылады, бұл орайда қызметкерлердің ауырған немесе демалыста болған уақыты есептелмейді.

Жазалау шарасы жағымсыз әрекет жасалған күннен 6 айдан кешіктірмей қолданылады.

Қызмет тәртібі бұзылған әрбір жағдайда тек бір ғана тәртіптік жазалау шарасы қолданылуы мүмкін.

Қызметкерге бұйрықпен жарияланған тәртіптік жаза:

ескертпе, егер қызметкер жаза қолданылған күннен бастап үш ай ішінде жаңа тәртіптік жазаға тартылмаса, алып тасталады деп есептеледі;

сөгіс, егер қызметкер жаза қолданылған күннен бастап алты ай ішінде жаңа тәртіптік жазаға тартылмаса, алып тасталды деп есептеледі;

қатаң сөгіс, егер қызметкер жаза қолданылған күннен бастап тоғыз ай ішінде жаңа тәртіптік жазаға тартылмаса, алып тасталды деп есептеледі;

қызметке толық сай келмеуі туралы ескерту, егер қызметкер жаза қолданылған күннен бастап бір жыл ішінде жаңа тәртіптік жазаға тартылмаса, алып тасталды деп есептеледі;

қызметін төмендету төмен қызметке тағайындалғаннан кейін жүзеге асырылған болып есептеледі;

арнаулы атағын төмендету арнаулы атағын төмендету туралы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін жүзеге асырылған болып есептеледі.

Көтермелеу ретінде тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алуды оны қолданған бастық, оған тең басшы немесе жоғары тұрған бастық жүзеге асырады, бірақ үш

а й д а н е р т е б о л м а й д ы .

Қызметкерлер демалыста, іссапарда немесе емделуде жүргенде тәртіптік жаза қолдануға әкеп соғатын ағаттық жіберген жағдайда бұл жайында мәлім болған салық полициясы органының бастығы болған жағдайды ағаттық жіберген қызметкердің жұмыс орнына хабарлайды.

Көтермелеу және тәртіптік жазалау шараларын қолдану жөнінде өзіне берілген құқықты асыра пайдаланған бастыққа бұл үшін тәртіптік жауапкершілік жүктеледі.

#### 15. Салық полициясы органдарындағы ішкі тәртіп

Салық полициясы органдарындағы ішкі тәртіпті олардың бастықтары осы органдар қызметінің ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, заңдарға сәйкес Бас салық инспекциясының бастығы, салық полициясы басқармасының бастығы айқындайтын тәртіппен белгілейді.

#### 16. Жұмыс уақытының ұзақтығы

Салық полициясының қызметкерлеріне еңбек туралы заңдарда белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығы қолданылады.

Қажет болған жағдайда салық полициясының қызметкерлері қызмет міндеттерін атқаруға белгіленген мерзімнен тыс уақытта, сондай-ақ түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері де тартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда оларға Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарында белгіленген тәртіппен өтемақы төленеді.

Салық полициясы қызметкерлерінің ауысымдық жұмысында ұзақтығы бірдей күндізгі, кешкі және түнгі ауысымдар белгіленеді.

Салық полициясы қызметкерлерінің уақытша жоқ қызметкер үшін қосымша міндеттер атқарғанда заңдарға сәйкес және Бас салық инспекциясының бастығы айқындайтын тәртіппен өтемақы алуға құқығы бар.

### ІІІ. Аттестация

#### 17. Аттестация

Салық полициясы қызметкерінің салық полициясы органдарында қойылатын талаптарға қызмет бабында сай келуін анықтау мақсатында аттестациялау жүргізіледі.

Салық полициясында белгілі бір мерзімде қызмет ету туралы келісім-шарт

жасасқан қызметкер келісім-шартты ұзарту кезінде, ал қызметін келісім-шартсыз өткеріп жүрген қызметкер - қызметтің әр үш жылында аттестациядан өтеді. Соңғы аттестация бойынша тұжырымды өзгертуге негіз болған жағдайда салық полициясының қызметкері

аттестациядан мерзімінен бұрын өтеді.

Аттестация нәтижелері бойынша салық полициясының қызметкерлері осы Ереженің 43-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жоғары лауазымға ұсынылуы, лауазымы төмендетілуі, сондай-ақ жұмыстан шығарылуы мүмкін.

Аттестациядан өту тәртібін Бас салық инспекциясының бастығы белгілейді.

#### IV. Арнаулы атақтар беру

##### 18. Арнаулы атақтар

Салық полициясы қызметкерлеріне мынадай арнаулы атақтар беріледі:

- кіші басшы құрам
- салық полициясының прапорщигі, салық полициясының аға прапорщигі;
- орта басшы құрам
- салық полициясының кіші лейтенанты, салық полициясының лейтенанты, салық полициясының аға лейтенанты, салық полициясының капитаны;
- аға басшы құрам
- салық полициясының майоры, салық полициясының подполковнигі, салық полициясының полковнигі;
- жоғары басшы құрам
- салық полициясының генерал-майоры, салық полициясының генерал-лейтенанты.

##### 19. Арнаулы атақтар беру

Салық полициясына қызметке қабылданған адамдарға атқарып отырған лауазымын, кәсіптік біліктілігін, білімін, осы Ережеде көзделген жағдайларды ескере отырып арнаулы атақтар беріледі.

Салық полициясы органдарына қызметке қабылданған Қарулы Күштердің запастағы офицерлері салық полициясының кадрларына сол әскери атағымен қайта аттестациядан өту тәртібімен салық полициясы басшы құрамының арнаулы атағын беру арқылы қабылданады. Бұл орайда запаста берілген әскери атақтарымен қызмет өткерген жылдары оларға салық полициясының кезекті арнаулы атақтарын беру кезінде ескеріледі.

Бұдан бұрын салық полициясы органдарында, заң жүзінде арнаулы атақтар белгіленген басқа органдарда қызмет өткерген салық полициясының қызметкерлеріне салық полициясының кадрларына қабылдау кезінде, егер олар бұрынғы қызмет кезеңінде белгіленген мерзімді берілген атақта өткерген болса, ал жаңа атағы атқарып отырған лауазымы бойынша шекті атақтан аспайтын түспейтін болса, салық полициясының кезекті арнаулы атағы беріледі. Мұндай жағдайда кезекті арнаулы атақтарды беру осы Ережеге сәйкес жиынтық есептеу бойынша беріледі.

Орта және аға басшы құрамның алғашқы арнаулы атағын, арнаулы атақ - салық полициясының полковнигі атағын, сондай-ақ мерзімінен бұрын берілетін атақты және атқаратын штаттық лауазымы бойынша белгіленген атақтан бір саты жоғары атақты Қазақстан Республикасының Қаржы министрі береді.

Кіші басшы құрамның арнаулы атақтарын оларды қызметке тағайындауға, қызметін ауыстыруға және жұмыстан шығаруға құқығы бар тиісті лауазымды адамдар береді.

Кезекті арнаулы атақтар жоғарыда аталған талаптарға сәйкес, сондай-ақ қызметке көзқарасын, қызмет өткерген жылдарды ескере отырып салық полициясының қызметкерлеріне:

салық полициясының лейтенантынан салық полициясының капитанына дейін қоса алғанда - салық полициясы басқармасының бастығы береді;

салық полициясының майоры мен подполковнигі атағын - Бас салық инспекциясының бастығы береді;

жоғары басшы құрамның атақтары - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес беріледі.

Салық полициясы қызметкерлерінің арнаулы атақтары қызмет өткеру мерзімі былайша белгіленеді:

Салық полициясының прапорщигі атағында бес жыл.

Салық полициясы аға прапорщигінің арнаулы атақтарында қызмет өткеру мерзімі белгіленбейді.

Салық полициясының кіші лейтенанты атағында - бір жыл.

Салық полициясының лейтенанты атағында - екі жыл.

Салық полициясының аға лейтенанты атағында - үш жыл.

Салық полициясының капитаны атағында - үш жыл.

Салық полициясының майоры атағында - төрт жыл.

Салық полициясының подполковнигі атағында - бес жыл.

Салық полициясының полковнигі атағында және одан жоғары атақта қызмет өткеру мерзімі белгіленбейді.

Бес жылдық күндізгі оқу бөлімін бітірген, жоғары аяқталған білімі бар қызметкерлер үшін салық полициясының лейтенанты деген арнаулы атақта қызмет өткеру мерзімі 1 жыл болып белгіленеді.

## 20. Салық полициясының қызметкерлеріне арнаулы атақтар беру ерекшеліктері

Арнаулы атақтар рет-ретімен беріледі. Салық полициясының кіші лейтенанты  
а р н а у л ы а т а ғ ы :

жоғары оқу орындарының жоғарғы курстарында оқитын және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған адамдарға;

арнаулы орта білімі бар салық полициясының жаңадан қабылданған және орта басшы құрамның адамдары атқарып отырған лауазымдарға тағайындалған  
а д а м д а р ғ а б е р і л е д і .

Салық полициясының лейтенанты арнаулы атағы:

а) салық полициясының кіші лейтенанттарына осы Ережеде белгіленген бұрынғы атақта қызмет өткеру мерзімі өткеннен кейін, ал жоғары оқу орындарын бітіргендерге - осы атақта қызмет өткеру мерзіміне қарамастан;

б) жоғары оқу орындарын немесе арнаулы орта оқу орындарын бітірген және салық полициясының орта және аға басшы құрамының адамдары атқарып отырған лауазымдарға тағайындалған кіші басшы құрамның адамдарына;

в) жоғары білімі бар және салық полициясының орта және аға басшы құрамының адамдары атқарып отырған лауазымдарға тағайындалған салық полициясының жаңадан қабылданған қызметкерлеріне беріледі.

Салық полициясының майоры арнаулы атағы жоғары білімі бар және жоғары басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған адамдарға берілуі мүмкін.

Салық полициясының қызметкерлеріне басқа кезекті арнаулы атақтар осы  
Е р е ж е г е с ә й к е с б е р і л е д і .

Тапсырмаларды ойдағыдай орындағаны, сондай-ақ жедел қызмет ісіне жоғары нәтижелерге жеткені үшін басшы құрамның кезекті атақтары мерзімінен бұрын берілуі немесе атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша көзделген атақтан бір саты жоғары арнаулы атақ берілуі мүмкін.

Арнаулы атақтар яки атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша көзделген атақтан бір саты жоғары арнаулы атақ жоғарыда көзделген негіздемелердің әрқайсысы бойынша салық полициясы органдарындағы

қызметтің бүкіл кезеңінде бір рет беріледі.

Салық полициясына ауыстырылған салық қызметінің қызметкерлеріне арнаулы атақтар олар 40 жасқа толғанға дейін берілуі мүмкін.

## 21. Арнаулы атақта қызмет өткеру мерзімін есептеу

Арнаулы атақта қызмет өткеру мерзімі осы атақты беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі. Салық полициясы қызметкерлерінің төмендетілген арнаулы атағында болған уақыты қалпына келтірілген атақта қызмет өткеру мерзіміне есептелмейді.

Салық полициясының прапорщигі, аға прапорщигі арнаулы атақтары бар, салық полициясының орта және аға басшы құрамының адамдары атқарып отырған лауазымдарға тағайындалған салық полициясының қызметкерлері салық полициясының прапорщигі, аға прапорщигі арнаулы атақтарында қызмет өткерген мерзіміне қарамастан салық полициясының орта және аға басшы құрамының алғашқы арнаулы атақтарын беруге ұсынылады.

Арнаулы атақта қызмет өткеру мерзімі осының алдындағы арнаулы атақта қызмет өткеру мерзімін аяқталған сәттен бастап есептеледі.

Мерзімінен бұрын арнаулы атақтар арнаулы атақта белгіленген қызмет өткеру мерзімінің кемінде жартысы өткеннен кейін және берілген атақ атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша көзделген атаққа сай келген жағдайда беріледі.

Атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша көзделген атақтан бір саты жоғары кезекті арнаулы атақ:

бұрынғы арнаулы атақта қызмет өткерудің кемінде біржарым мерзімі өткеннен кейін беріледі.

Қызметтен жасына, денсаулығына немесе шаттың қысқартылуына байланысты босатылған, қызмет өткерген мерзімі күнтізбелік есеппен алғанда 20 жыл және одан да ұзақ болған басшы құрамның адамдарына босатылуымен бір мезгілде салық полициясының подполковнигіне дейінгі кезекті арнаулы атақ берілуі мүмкін.

Салық полициясының қызметкерлері кезекті арнаулы атақтар беруге бұдан бұрын берілген арнаулы атақтарда қызмет өткеру мерзімі аяқталып қалған кезде ұсынылады. Қарамағындағы адамды кезекті арнаулы атақ алуға уақытында ұсынбаған бастыққа бұл үшін тәртіп жауапкершілігі жүктеледі.

Кезекті арнаулы атақтар берудің осы Ережеде көзделмеген қосымша шарттарын белгілеуге тыйым салынады.

## 22. Кезекті арнаулы атақтар берудегі кідіріс

Тәртіптік жаза қолданылған, сондай-ақ үстінен қылмыстық іс қозғалған салық полициясының қызметкерлеріне жаза алынғанға дейін немесе ақтаудан тыс негіздемелер бойынша қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін кезекті арнаулы атақтар берілмейді.

Кезекті арнаулы атақ берудің кідіртуі себептері салық полициясы басқармасы бастығының атына жазылған рапортта баяндалады, салық полициясының қызметкеріне 10 күн ішінде хабарланып, кейіннен кезекті арнаулы атақ беруге ұсыну немесе аттестация кезінде көрсетіледі.

## 23. Арнаулы атақты төмендету және арнаулы атақтан айыру

Салық полициясының кіші, орта және аға басшы құрамының арнаулы атақтары бар салық полициясы қызметкерлерінің арнаулы атағын бір саты төмендетуді Қазақстан Республикасының Қаржы министрі іске асырады.

Арнаулы атағы төмендетілген қызметкерлердің бұрынғы арнаулы

атағы олардың атқарып отырған штаттық лауазымына қарамастан Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен қалпына келтіріледі.

Салық полициясы қызметкерлерінің бұрынғы арнаулы атағы және оған кезекті арнаулы атақ берілуі қалпына келтірілгенге дейін арнаулы атақты қайталап төмендетуге жол берілмейді.

Салық полициясының қызметкерлері ауыр қылмыс жасаған жағдайда, соттың үкімі бойынша арнаулы атақтардан айырылуы мүмкін.

## V. Қызметке тағайындау, қызмет бойынша ауыстыру және жоғарлату

### 24. Салық полициясына қызметке қабылдау

Салық полициясына қызметке жасы 20-ға толған, өзінің іскерлік және жеке қасиеттері, білімі және денсаулық жағдайы жөнінен қызмет бабындағы міндеттерін атқаруға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.



Салық полициясының органдары жасы 20-ға толмаған адамдарды Ішкі істер министрлігінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс министрлігінің, Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеттің оқу орындарына түсіп оқуға осы ведомстволармен келісілген шартқа сәйкес мақсатты бөлу арқылы жіберуі мүмкін.

Бұрын сотталған және ақтаудан тыс негіздемелер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен жағымсыз себептер бойынша босатылған азаматтарды салық полициясының органдарына қызметке қабылдауға болмайды.

Салық полициясы органдарының орта, аға және жоғары басшы құрамының лауазымдарына арнаулы орта немесе жоғары білімі бар, әдетте жасы 35-тен аспаған азаматтар, сондай-ақ запастағы офицерлер және бұрын әскерлерде, Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік тергеу комитеті, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі, Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитет органдарында, Республикалық ұланда, басқа да арнаулы, әскери құрамаларда қызмет өтеген, әскери және арнаулы атақтары бар, жасы 45-тен аспаған адамдар қабылданады.

. Ескерту: Лауазымдардың және оларға сай келетін білімнің тізбесін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының бастығы а й қ ы н д а й д ы .

Стажы 6 айдан асқан салық қызметінің қызметкерлерін салық полициясы органдарына 40 жасқа дейін қабылдауға болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Үкімет қажет болған жағдайда салық полициясы органдарының аға және жоғары басшы құрамының қызметтеріне тағайындау үшін бұрын салық полициясының кадрларында болмаған мемлекеттік өкімет пен басқару, прокуратура, әділет органдарының мамандарын жібереді, бірақ олардың жасы 50-ден аспаған болуы керек, бұл орайда олардың мамандық бойынша бұрынғы жұмыс стажы, соның ішінде аспирантурада және докторантурада оқыған жылдары қызмет өткерген жылдар үшін проценттік үстеме ақы төлеу, зейнетақы тағайындау үшін салық полициясы органдарындағы қызмет стажына қосылады.

Жаңадан қабылданатын қызметкерлер үшін оның кәсіби жарамдылығын анықтау мақсатында 3 айға дейін сынау мерзімі белгіленуі мүмкін. Мұндай жағдайда олар тиісті қызметтерге міндеттерін уақытша атқарушы болып тағайындалады, салық полициясының кадрларына қабылданбайды және оларға арнаулы атақтар берілмейді.

Салық полициясының қызметкерлері бастапқы даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан өтуі, Ішкі істер министрлігінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс министрлігінің, Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеттің оқу органдарында осы министрліктермен, ведомстволармен келісілген шарттарда о қ ы т ы л у ы м ү м к і н .

Салық полициясының қызметкері Ант қабылдайды, оның мәтінін Қазақстан Республикасының үкіметі бекітеді.

## 25. Салық полициясының кіші басшы құрамының қызметтеріне тағайындау

Салық полициясының кіші басшы құрамының лауазымдары келісім шарт негізде, әдетте, мерзімді әскери қызметтен өткен адамдардан, келісім шарт негізінде солдаттардың, теңізшілердің, сержанттардың, старшиналардың лауазымдарында әскери қызметтен өткен әскери міндетті адамдардан ж а с а қ т а л а д ы .

Кіші бастықтар құрамы мен ерікті жалданушылар атқаруға тиіс қызметтерге облыстар және Алматы қаласы бойынша салық полицияларының бастықтары т а ғ а й ы н д а й д ы .

## 26. Салық полициясы органдарындағы келісім шарт

Салық полициясы органдарында қызмет ету туралы келісім шарт Қазақстан Республикасының азаматы мен қызметке қабылдау және қызметтен босату құқығы бар басшы өкілдік ететін салық полициясы арасында жасалады. Келісім шарттың нысаны мен талаптарын Бас салық инспекциясы бекітеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Үлгі келісім шартқа сәйкес келісім шарт 5 ж ы л ғ а ж а с а л а д ы .

Келісім шартта азаматтық салық полициясы органдарында қызмет ету жөнінде өзіне жүктелген міндеттерді орындау, Антты, ішкі тәртіпті, осы Ереженің талаптарын сақтау жөніндегі міндеттемесі, салық полициясының қызметкер қабылданған қызметкердің қызметті өткеруі үшін заңдарда, осы Ережеде және тараптардың келісуі бойынша көзделген кепілдіктер мен қажетті шарттарды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелері ескертіледі.

Келісім шартта тараптардың өзіне алған міндеттемелерді орындамауы салдарынан болатын зардаптар да көрсетіледі. Келісім шарт жазбаша жасалады.

Қаржы министрлігінің қаражаты есебінен оқытылатын оқу орындарына түскен адамдар үшін келісім шартта оқу аяқталғаннан кейін кемінде үш жыл

мерзімге салық полициясы органдарында қызмет өткеруге міндетті болатыны ескеріледі.

## 27. Салық полициясының орта, аға және жоғары басшы құрамының қызметіне тағайындау

Салық полициясы басқармасының бастығын - Бас салық инспекциясы бастығының орынбасарын қызметке Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды.

Облыстар, Алматы қаласы бойынша салық инспекциялары салық полицияларының бастықтарын, олардың орынбасарларын, Бас салық инспекциясы салық полициясы басқармасының қызметкерлерін салық полициясы басқармасы бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясының бастығы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Облыстар, Алматы қаласы бойынша салық полициялары бөлімшелерінің аға инспекторларын, инспекторларын облыстар, Алматы қаласы бойынша салық инспекциялары салық полицияларының тиісті бастықтары қызметке тағайындап, қызметтен босатады.

Салық полициясының басқа қызметкерлерін салық полициясы басқармасының бастығы қызметке тағайындап, қызметтен босатады.

## 28. Салық полициясының қызметкерлерін қызметке тағайындаудың ерекшеліктері

Салық полициясының қызметкерлерін қызметке тағайындай кезінде оны негізгі және сабақтас мамандық бойынша, не жинаған тәжірибесіне сәйкес пайдалану, ал оны өзі үшін жаңа мамандық бойынша лауазымға пайдалану қажет болған жағдайда тағайындар алдында бұл қызметкерді тиісінше қайта даярлау қамтамасыз етіледі.

Кейбір жағдайларда салық полициясының қызметкері лауазым бойынша міндетті атқарушы болып тағайындалуы мүмкін. Бұл орайда бос лауазым бойынша міндетті атқарудың үзіліссіз мерзімі бір айдан аспауға тиіс.

Орта және аға басшы құрамның бос қызметтері мен бос емес қызметтерін, егер осы қызметтерді атқарып жүрген адамдар штат бойынша қарамағында салық полициясының орта және аға басшы құрамының адамдарын ұстауға тиіс болмаса, салық полициясы органдарында қызметте жүрген неғұрлым даярлығы мол адамдардың атқаруына рұқсат етіледі.

Салық полициясы органдарында ұйымдық-штаттық шараларды жүргізу

кезінде қызметкер атқарып отырған қызметінен босатылып, ақшасы толық сақталып осы органның қарамағына екі айдан аспайтын мерзімге жіберілуі мүмкін.

ұйымдық-штаттық шараларды жүргізу кезінде салық полициясының аталған органының қарамағында қызметкердің үздіксіз болған мерзіміне осы қызметкердің сырқаттануға байланысты қызмет бабындағы міндеттерден босатылған уақыты, оның кезекті және қосымша демалыстарда болған уақыты есептелмейді.

## 29. Қызмет бабымен ауыстыру және жоғарлату

Салық полициясының қызметкерлерін қызмет бабымен ауыстыру:

а) жоғары қызметке - қызметкердің келісуімен қызмет бабымен жоғарылату тәртібімен;

б) тең дәрежедегі қызметке - олардың келісуімен қызметкерлерді неғұрлым тиімді пайдалану үшін қажет болғанда немесе отбасы жағдайына, денсаулығына немесе жасына байланысты;

в) оқу орнына түсуіне байланысты атқарып отырған қызметінен босата отырып, сондай-ақ оқу орнын бітіргеннен кейін қызметке тағайындау кезінде;

г) төменгі қызметке - штаттар қысқартылып, тең дәрежедегі лауазымға ауыстыру мүмкін болмағанда; өз өтініші бойынша, қызметкер келісім шарт талаптарын орындамағанда; аттестаттау тәртібімен қызметке сәйкес болмағанда; тәртіптік жаза қолдану жолымен;

д) мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына жіберу тәртібімен жүзеге асырылады.

Салық полициясының қызметкерін қызмет бабымен ауыстыру, қарамағына беру барлық жағдайда лауазымды адамның бұйрығымен осы Ережеде айқындалған тәртіппен ресімделеді.

Штаттардың қысқартылуы кезінде лауазымды айлық ақысының мөлшері азайтылып төменгі қызметке ауыстырылған жағдайда 15 жыл және одан да көп жыл (күнтізбелік есеппен) қызмет өткерген салық полициясының қызметкерлеріне соңғы қызмет орны бойынша лауазымды жалақысының мөлшері сақталады.

Төменгі лауазымға ауыстырылған салық полициясының қызметкері кейіннен оның қызмет бабындағы біліктілігін, жұмыс тәжірибесін, іскерлік және жеке басының қасиеттерін, денсаулығын ескере отырып, қызмет бабымен лауазымын жоғарлатып ауыстырылуы мүмкін.

Салық полициясының қызметкеріне қылмыс жасады деген айып тағылған жағдайда, сондай-ақ қызмет тәртібін қызмет бабындағы міндеттерін атқаруына

болмайтындай етіп өрескел бұзған жағдайда, ол салық полициясы басқармасының бастығы белгілеген тәртіппен қызметтен уақытша шеттетілуі мүмкін.

### 30. Салық полициясының қызметкерін басқа жерге қызметке ауыстыру

Салық полициясының қызметкерін басқа жерге қызметке ауыстыруға, оның ішінде салық полициясының органы қоныс ауыстыруына байланысты ауыстыруға, егер келісім шартта басқаша көзделмесе, оның келісуімен ғана рұқсат етіледі.

Салық полициясының кіші басшы және ерікті жалданған құрамының қызметкерін басқа жерге қызметке оның өтінішімен ауыстыруға тек салық полициясының тиісті органдарының бастықтарымен келісім бойынша ғана рұқсат етіледі.

Салық полициясының қызметкерлерін басқа жерге ауыстырған кезде олардың шығындарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеледі.

### 31. Салық полициясының басшы құрамының адамдарын Қазақстан Республикасы мемлекеттік өкіметінің орталық органдарына жіберу тәртібі туралы

Салық полициясының басшы құрамының қызметкерлерін Қазақстан Республикасы мемлекеттік өкіметінің орталық органдарына жұмысқа жіберу ұлттық қауіпсіздік органдарының офицерлер құрамы және ішкі істер органдарының басшы құрамының адамдары үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген негізде және тәртіппен жүргізіледі.

### 32. Салық полициясының қызметкерлерін басқа министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және өзге де органдарға ауыстыру тәртібі туралы

Салық полициясының қызметкерлерін Қарулы Күштерге, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері мен органдарына, темір жол әскерлеріне, Азаматтық

қорғаныс әскерлеріне, Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеттің әскерлеріне, ішкі істер

органдарына, Мемлекеттік тергеу комитетінің органдарына, прокуратура органдарына Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлеріне, басқа да әскери және арнаулы құрамаларға ауыстыру салық полициасы қызметкерлерінің тілегін ескере отырып, тиісті органдармен келісім бойынша жүргізілуі мүмкін.

## Демалыс

### 33. Демалыс түрлері

Салық полициясының қызметкерлеріне ақшалай қаражатты сақтай отырып демалыстың мынадай түрлері беріледі:

- жыл сайынғы негізгі демалыс;
- қысқа мерзімді демалыс;
- сырқаттануын байланысты демалыс;

каникулдық демалыс (Қаржы министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс министрлігінің, Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі Мемлекеттік комитеттің, басқа да министрліктердің, Мемлекеттік комитеттердің және өзге органдардың оқу орындарын бітіруіне байланысты);  
қосымша демалыс (қызмет стажы үшін);

әлеуметтік демалыс (бала тууына, баланы күтуге байланысты демалыс, оқу, шығармашылық және заңдарда белгіленген басқа да демалыс).

Өзінің жыл сайынғы кезекті демалысын пайдаланбаған қызметкерлерді жұмыстан босату жағдайларынан басқа кезде демалысты ақшалай өтемақымен а у ы с т ы р у ғ а б о л м а й д ы .

Демалыстың ұзақтығы күнтізбелік күндермен есептеледі.

Жыл сайынғы кезекті және каникулдық демалыс өткізетін жерге барып, келу жолақысының құны, сырқаттануына байланысты демалыстың құны белгіленген тәртіппен жылына бір рет төленеді. Ұзақтығы 40 күн және одан да көп күнтізбелік күн болатын жыл сайынғы кезекті және қосымша демалысқа шығуға құқығы бар қызметкерлерге олардың қалауы бойынша демалысты екі мерзімде пайдалануына рұқсат етіледі, бұл орайда Қазақстан Республикасының аумағында демалысты өткізетін жерге барып, келу жолақысының құны бір рет төленеді.

### 34. Жыл сайынғы негізгі демалыс

Жыл сайынғы негізгі демалыс салық полициясының қызметкерлеріне 30 күнтізбелік күн, ал климат жағдайы ауыр және қолайсыз жерлерде қызмет өткеріп жүрген қызметкерлерге - 45 тәулік ұзақтығымен беріледі, бұған демалысты өткізетін жерге барып, келуге қажетті уақыты кірмейді.

Бұл орайда салық полициясының қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген нормалар бойынша және тәртіппен жол ақы құны төленеді.

Салық полициясының қызметкерлеріне жыл сайынғы негізгі демалыс күнтізбелік жыл ішінде берілуге тиіс.

### 35. Қысқа мерзімді демалыс

Шұғыл әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді, ең алдымен денсаулық сақтауға, туыстық парызды орындауға, сондай-ақ басқа да дәлелді себептерге байланысты мәселелерді шешу үшін салық полициясының қызметкерлеріне жыл сайын ұзақтығы көп дегенде 10 күнтізбелік күн болатын қысқа мерзімді демалыс беріледі, демалысты өткізетін жерге барып, келу үшін қажетті уақыт е с е п т е л м е й д і .

Қысқа мерзімді демалыс кезекті демалыс есебіне жатқызылмайды.

### 36. Сырқаттануына байланысты демалыс

Сырқаттануына байланысты демалыс салық полициясының қызметкерлеріне әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде беріледі. Аталған демалыстың ұзақтығы аурудың сипатына қарай айқындалады. Сырқаттануына байланысты үзіліссіз демалыста болу мерзімі заңдарда көзделген жағдайлардан басқа ретте төрт айдан аспауға тиіс. Бұл мерзім ерекше жағдайларда салық полициясының тиісті бөлімшесі бастығының шешімімен ұзартылуы мүмкін.

Сырқаттануына байланысты демалыста және емделуде үзіліссіз болудың белгіленген мерзімі өткеннен кейін аталған қызметкерлерді олардың бұдан былай қызметке жарамдылығы туралы мәселені шешу үшін әскери-дәрігерлік комиссия к у ә л а н д ы р у ы тиіс.

Қызметкерлердің қызмет бабындағы міндеттерін атқару кезінде алған жарақатына, контузиясына немесе мертігуіне байланысты олардың емделуде болу уақыты шектелмейді. Аталған қызметкерлер емделуін аяқталғаннан кейін

немесе аурудың анықталған нәтижесі болған жағдайда медициналық куәландыруға жіберіледі.

Сырқаттануына байланысты демалыс жыл сайынғы кезекті демалыс есебіне жатқызылмайды.

Салық полициясының қызметкерлерін қызметтен босатқанда сырқаттануына байланысты демалыс берілмейді.

### 37. Каникулдық демалыс және оқу орнын бітіруіне байланысты демалыс

Оқу орындарында күндіз оқып жүрген салық полициясының қызметкерлеріне:

ұзақтығы 14 күнтізбелік күн болатын қысқы каникулдық демалыс;  
ұзақтығы 30 күнтізбелік күн болатын жазғы каникулдық демалыс беріледі. Оқу орнын бітіруіне байланысты ұзақтығы 30 күн болатын демалыс беріледі және ол ағымдағы жылдың жыл сайынғы кезекті демалысы есебіне жатқызылады. Аталған демалысты қызметкер қызметін өтейтін жерге жіберілгенге дейін пайдалануға тиіс.

### 38. Жыл сайынғы қосымша және әлеуметтік демалыстар

Салық полициясындағы қызмет стажы үшін:

а) 10 жылдан 15 жылға дейін өткергендерге - ұзақтығы 5 күнтізбелік күн болатын;

б) 15 жылдан 20 жылға дейін қызмет өткергендерге ұзақтығы 10 күнтізбелік күн болатын;

в) 20 жыл және одан да көп қызмет өткергендерге - ұзақтығы 15 күнтізбелік күн болатын жыл сайынғы қосымша демалыс беріледі.

Жыл сайынғы қосымша демалыс жыл сайынғы кезекті демалысқа

қосылады және қызметкердің қалауы бойынша сонымен бір мезгілде немесе одан бөлек берілуі мүмкін.

Ұзақтығы 45 күнтізбелік күн болатын демалысқа құқығы бар салық полициясының қызметкерлеріне қосымша демалыс берілмейді.

Жүкті болуына және босануына байланысты берілетін демалыс салық



полициясының қызметкер әйелдеріне заңдарда белгіленген ұзақтықта және тәртіппен беріледі.

## VII. Салық полициясының қызметкерлерін әлеуметтік қорғау

### 39. Ақшалай және материалдық қамтамасыз ету

Салық полициясы қызметкерлерінің ақшалай үлесіне мыналар жатады:

атқарып отырған штаттық лауазымның жалақысы;  
берілген арнаулы атақ бойынша айлық ақы;  
қызмет өткерген жылдар үшін проценттік үстеме ақы;  
азық-түлік сыбағасының орнына берілетін өтемақы, үстеме ақы;

ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген басқа да төлемдер мен үстеме ақылар.

Ішкі істер органдары кадрларының еңбегіне ақы төлеу жүйесінде әртүрлі жалақылар, лауазымдық жалақыға, зейнетақыға проценттік үстемелер төлеу көзделген жағдайда Қаржы министрі өзінің бұйрығымен салық полициясының қызметкерлері осы адамдардың қай санатына теңестірілетінін айқындай алады.

Салық полициясының қызметкерлеріне жыл сайын негізгі демалысқа кеткен кезде, екі лауазымдық жалақы мөлшерінде материалдық көмек көрсетіледі.

Салық полициясының қызметкерлеріне сыйлық ақы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүйесінің қызметкерлеріне сыйлық ақы беру туралы Ережеде және басқа да нормативтік актілерде көзделген шарттар бойынша және мөлшерде, арнаулы атақты ескере отырып есептеледі.

Жергілікті атқарушы органдар салық полициясының қызметкерлері үшін тиісті бюджеттердің қаражатынан қосымша төлемдер белгілей алады.

Салық полициясының қызметкерлерін арнаулы киім үлгісімен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін нормалар бойынша және тәртіппен белгіленеді.

Салық полициясы қызметкерлерінің қалауы бойынша заттай мүліктердің орнына ақшалай өтемақы төленеді. Бұл орайда салық полициясының әрбір қызметкері формалық киім киюге міндетті.

Демалыс күндері және мереке күндері жұмыс істегені үшін салық

полициясының қызметкерлеріне төлем ақы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және Қаржы министрлігі салық қызметінің бұйрықтары негізінде төленеді.

Салық полициясының қызметкерлеріне жеке меншік көлігін қызмет бабындағы мақсатқа пайдалануына байланысты жұмсалған шығындары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен төленеді.

Тұрғын үй-жайды жалдау шарты бойынша пайдаланатын салық полициясының қызметкерлеріне ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен және мөлшерде өтемақы төленеді.

Салық полициясының қызметкерлеріне қызмет бабындағы іссапарларға, оқуға, біліктілігін көтеру курстарына барып, қайтқанда, демалысқа шыққанда темір жол, әуе, су, автомобиль көлігімен жол жүру құны төленеді, сонымен қатар қызмет бабымен орын ауыстырғанда ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген нормалар бойынша және тәртіппен меншікті мүлкін тасымалдау құны төленеді.

Салық полициясының қызметкерлеріне мынадай үстеме ақылар: аудандық коэффициенттер, сыныптық біліктілігі үшін үстеме ақы белгіленеді.

ЕСКЕРТУ. 39-тармағының 8-абзацы күшін жойды, 9-абзацқа өзгеріс енгізілді ҚРҮ-нің 1996.12.25. N 1620 қаулысымен.

#### 40. Медициналық қамсыздандыру

Салық полициясының қызметкерлерін медициналық қамсыздандыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Салық полициясы қызметкерлерінің салық полициясы органдарына қызметке қабылдау кезінде, олар қызметтен босатылғанда және басқа да қажетті жағдайларда медициналық комиссиялардан өтуін Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі жүйесінің әскери-медициналық комиссиялары жүзеге асырады.

Қаржы министрлігінің салық қызметі салық полициясының қызметкерлеріне, зейнеткерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің медициналық мекемелерінде осы ведомствомен келісім бойынша шарттық негізде медициналық қызмет көрсетіледі.

Салық полициясының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері демалысқа шыққан кезде санаторийлерде, демалыс үйлерінде және басқа да мемлекеттік сауықтыру мекемелерінде ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен санаторий-курорттық емдеумен және ұйымдасқан демалыспен қамтамасыз етіледі.

Бұл құқық жасына, денсаулығына немесе штаттардың қысқартылуына байланысты қызметтен босатылған, қызмет өткеруінің жалпы ұзақтығы 20 және одан да көп жыл болған салық полициясының зейнеткерлері мен олардың отбасы мүшелеріне де қолданылады.

#### 41. Міндетті мемлекеттік жеке және мүліктік сақтандыру

Салық полициясының қызметкерлері республикалық бюджет қаражаты есебінен міндетті жеке және медициналық сақтандырылуы тиіс.

Салық полициясының қызметкері қызмет бабындағы міндеттерін жүзеге асыру кезінде және қызметтен босатылғаннан кейін қайтыс болған (өлген) жағдайда қаза тапқан (өлген) қызметкердің отбасына немесе асырауындағыларға (мұрагерлерге) республикалық бюджет қаражатынан соңғы атқарған қызметі бойынша он жылдық ақшалай ақысы төленеді.

Қайтыс болған немесе қазаға ұшыраған салық полициясының қызметкерлері мен зейнеткерлерін жерлеу үшін үш айлық ақысы мөлшерінде бір жолғы ақшалай өтемақы төленеді.

Салық полициясы қызметкерлерінің қызметті өтеу кезеңінде алған немесе контузия, мертігуі, ауыруы салдарынан қызметтен босатылғаннан соң бір жыл өткенге дейін басталған мүгедектігі анықталған жағдайда мемлекеттік сақтандыру органдары:

I топтағы мүгедекке - бес жылдық ақшалай ақысы;

II топтағы мүгедекке - үш жылдық ақшалай ақысы;

III топтағы мүгедекке - жылдық ақшалай ақысы мөлшерінде бір жолғы сақтандыру сомасын төлейді.

Салық полициясының қызметкері қызмет бабындағы міндеттерін атқару кезінде мүгедек болмай ауыр жарақат алған (жараланған, жарақат, контузия алған) жағдайда оған үш айлық ақшалай ақысы мөлшерінде, жеңіл жарақат алғанда - бір айлық ақшалай ақысы мөлшерінде сақтандыру сомасы төленеді.

Егер салық полициясы қызметкерінің қаза болуы (қайтыс болуы), жаралануы (мертігуі), ауруға шалдығуы қызмет бабындағы міндеттерін атқарумен байланысы жоқ жағдайлардан болғаны белгіленген тәртіппен дәлелденсе, сақтандыру сомасы төленбейді.

#### 42. Салық полициясының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне берілетін жеңілдіктер, кепілдіктер мен өтемақылар

Оқу орындарында сырттай және кешке оқитын салық полициясының қызметкерлеріне заңдарда белгіленген жеңілдіктер беріледі. Салық полициясының қызметкерлері қатарындағы жүкті әйелдер мен аналар заңдарда белгіленген барлық құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

Салық полициясының әйел қызметкерлері үшін көзделген жеңілдіктер балаларды анасыз (ол қайтыс болған, ата-аналық құқығынан айырылған жағдайда, аналық қамқорлығы жоқ басқа да жағдайларда) тәрбиелеп жүрген қызметкер әкелерге де белгіленген тәртіппен қолданылады.

Салық полициясының қызметкерлері іссапарға шыққанда, жаңа қызмет орнына, сондай-ақ демалысын өткізетін жерлерге барып, қайтқанда көліктің барлық түрлеріне кезектен тыс билет алу құқығын пайдаланады.

Салық полициясының қызметкерлері қызмет өткерген жылдарына қарамастан, сондай-ақ салық полициясынан жасына, денсаулығына, немесе штаттардың қысқартылуына байланысты босатылған, 20 жыл және одан да көп жыл қызмет өткерген азаматтар мемлекеттік және ведомстволық тұрғын үй қорлары (соның ішінде жекешелендірілген)

үйлерінде отбасы мүшелерімен тұратын бүкіл тұрғын алаңдары және коммуналдық қызметтер үшін 50 процент мөлшерінде төлейді.

Салық полициясының қызметкерлері мен зейнеткерлерінің Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шекте ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін заңдарда белгіленген өзге де әлеуметтік қорғау шаралары болады.

## VIII. Қызметтен босату

### 43. Салық полициясының органдарынан босататын негіздер

Салық полициясының қызметкері қызметтен мынадай негіздер бойынша босатылады:

а) зейнетақы алу құқығын беретін қызмет өткерген жылдары (қызмет ету мерзімі) бойынша;

б) жасына байланысты, яғни қызметте болудың шекті жасына жетуіне байланысты;

в) денсаулығына байланысты - әскери қызметке жарамсыздығы немесе

жарамдылығы шектеулі екені туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қаулысы) негізінде;

г) салық полициясы органдары штаттарының қысқартылуына немесе

олардың қайта құрылуына байланысты басқа қызметте пайдалануға мүмкіндік болмаған жағдайда;

д) келісім шарттың бұзылуына байланысты;

е) өз өтініші бойынша;

ж) белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттік органдарға (ұйымдарға) жұмысқа ауысуына байланысты;

з) сынақ мерзімі кезінде қызметке жарамсыздығы байқалған жағдайда;

и) қызметтік-әскери тәртіпті ұдайы бұзғандығы үшін;

к) аттестацияның қорытындылары бойынша қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда;

л) салық полициясы қызметкерлерінің атағына кір келтіретін жағымсыз әрекет жасағаны үшін;

м) ол жөнінде заңды күшіне енген соттың айыптау үкімі болғанда;

н) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына байланысты;

#### 44. Салық полициясы органдарында қызмет өткерудің шекті жасы

Салық полициясындағы қызметте кіші басшы құрамның адамдары 45 жасқа дейін бола алады.

Орта, аға және жоғары басшы құрамның адамдары салық полициясындағы қызметте мынадай шекті жасқа дейін бола алады:

салық полициясының кіші лейтенанттарынан

салық полициясының подполковниктеріне дейін

қоса алғанда - 45 жас

салық полициясының полковниктері - 50 жас

салық полициясының генерал-майоры, салық

полициясының генерал-лейтенанты - 55 жас.

Қажет болған жағдайда және салық полициясы қызметкерлерінің келісуімен олар қызметке жарамды болған жағдайда қызмет ету мерзімін лауазымға тағайындау құқығы берілген бастықтар 5 жылға ұзарта алады.

Айрықша жағдайларда бұл адамдарға осы мерзім сол тәртіппен қайталап 5 жылға ұзартылуы мүмкін, бұл орайда олардың қызметте болу жасы 60-тан а с п а й д ы .

Қызмет мерзімін ұзарту мәселесін шешу кезінде аталған адамдарды олардың қызметке жарамдылығын айқындау үшін медициналық комиссияға жолдау міндетті шарт болып табылады.

Қызметте қалдыру мерзімін ұзарту туралы шешім салық полициясының қызметкерін осы Ережеде көзделген негіздер бойынша қызметтен босату мүмкіндігін жоққа шығармайды.

#### 45. Салық полициясы органдарында қызметтен босату тәртібі

Салық полициясының қызметкерлеріне тікелей бастықтары қызметтен босатылардан кемінде екі ай бұрын алдағы уақытта қызметтен босатылатынын хабарлайды, бұған осы Ереженің 43-тармағының "и", "к", "л", "м", "н" тармақшаларында көзделген жағдайлар бұған кірмейді.

Қайтыс болған, қаза тапқан, белгісіз себеппен жұмысына шықпай қойған, сондай-ақ арнаулы атақтан айырылған салық полициясының қызметкерлері салық полициясы қызметкерлерінің тізімінен шығарылады.

Өз тілегімен қызметтен кететін салық полициясының қызметкерлері бұл жайында екі айы бұрын рапорт береді.

#### 46. Салық полициясы органдарындағы қызметтен босатылудың мүлiктік салдары

Салық полициясының қызметкері келісім шарт талаптарын бұзғаны үшін, сондай-ақ осы Ереженің 43-тармағының "и", "к", "л", "м" тармақшаларында көзделген негіздер бойынша босатылғанда берілген киім үлгісінің құны оның тозуын ескере отырып, даусыз тәртіппен өндіріп алынуға тиіс. Аталған негіздер бойынша қызметтен босатудың қызметкер үшін қызмет туралы өзара шартта және қолданылып жүрген заңдарда көзделген өзге де мүлiктік салдары болуы мүмкін.

Қызметтен босатылған жағдайда куәлік пен өңiрге тағылатын жеке белгі қайтарылуы тиіс. Зейнеткерлікке шығарылғанда қызмет куәлігіндегі жапсырманың екі жағына ірі әріптермен "Зейнеткер", "Пенсионер" деген жазу жазылған мөртабан басылып, иесіне ескерткішке қалдырылады. Барлық басқа жағдайларда куәлік қайтарып алынады.

#### 47. Салық полициясының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру

Салық полициясының қызметкерлері зейнетақымен "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының адамдарын және олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген норма бойынша және тәртіппен қамсыздандырылады.

Салық полициясының қызметкерлерін зейнетақымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметін салық полициясы қамсыздандырады. Қаржы министрлігінің салық қызметі салық полициясының қажетіне жұмсалатын шығындар сметасында салық полициясының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыратын қаражат көзделеді.

Заңдарға сәйкес зейнетақы алуға құқығы бар салық полициясының қызметкерлеріне алатын ақшалай ақысына оларға тағайындалуы мүмкін зейнетақы сомасының елу проценті мөлшерінде ай сайынғы үстеме ақы белгіленеді.

Салық полициясының құпия жағдайларда жұмыс істейтін бөлімшелері қызметкерінің қызмет ету мерзімі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен есептеледі.

#### 48. Салық полициясының қызметкерлеріне қызмет өткерген жылдарға проценттік үстеме ақы төлеу үшін стажды есептеу, зейнетақы тағайындау

Салық полициясының қызметкерлеріне қызмет өткерген жылдар үшін қызметтегі үзілістерге қарамастан лауазымды айлық ақыға үстеме ақы алуға құқық беретін жұмыс стажына:

а) салық қызметі органдарында, соттар мен прокуратурада инспекторлардың, судьялардың, прокурорлардың, тергеушілердің қызметтерінде жұмыс істеген уақыты олар салық полициясының қызметкерлері ретінде салық полициясы органдарына қызметке ауысқан жағдайларда;

б) Ішкі істер министрлігінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс министрлігінің, Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеттің оқу орындарында, Қаржы министрлігінің жанындағы салық полициясының қызметкерлерін даярлау мен қайта даярлау және біліктілігін жетілдіру жөніндегі бөлемшелер мен курстарда оқыған уақыты;

в) ұлттық қауіпсіздік органдарында, ішкі істер органдарында, Мемлекеттік

тергеу комитетінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің органдарында қызмет істеген уақыты;

г) бұрынғы КСРО-нің, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Республикалық ұланда, Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетте, Қазақстан Республикасының басқа да арнаулы әскери құрамаларында қызмет істеген уақыты;

д) 1992 жылдың 1 қаңтарынан дейін Қазақстан Республикасының партия, кәсіподақ және комсомол органдарында жұмыс істеген уақыты;

и) қызметкерлердің салық полициясының кадрларында болған уақыты, егер олар Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкіметінің орталық органдарына белгіленген тәртіппен жіберілген болса;

к) салық полициясы қызметкерлерінің азаматтық жоғары оқу орындарында, болмаса арнаулы орта оқу орындарында 5 жылға дейінгі шекте оқыған жылдары - алты ай үшін бір жыл есебінен.

Салық полициясының қызметкерлеріне зейнетақы тағайындау үшін жұмыс өткерген жылдарына қосымша есептелетін өзге де қызмет істеген кезеңдер Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін айқындаған тәртіппен белгіленеді.

Салық полициясының қызметкерлеріне қызмет өткерген жылдары үшін лауазымдық жалақыға (оның ішінде сақталған және өсірілген лауазымдық жалақыға) және дербес берілген арнаулы атақтар бойынша жалақыға проценттік үстеме ақы мынадай мөлшерде төленеді:

қызмет	стажы	3 жылдан	5 жылға дейін	болса	-	15%
	5 жылдан	10 жылға дейін			-	20%
	10 жылдан	15 жылға дейін			-	30%
	15 жылдан	20 жылға дейін			-	40%
	20 жылдан	жоғары			-	50%.

Бұл орайда қызмет өткерген жылдар үшін проценттік үстеме ақы лауазымдық жалақының (салық полициясы қызметкерлерінің барлық санаттары үшін белгіленген үстеме ақыны ескере отырып) және арнаулы атақ бойынша жалақының сомасынан айқыналады.

Салық полициясының қызметкерлеріне қызмет өткерген жылдарына проценттік үстеме ақы белгілеу үшін стаж есептеу тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрі айқындайды.

Қоса атқарылған лауазымдар бойынша жалақыға қызмет өткерген жылдар үшін үстеме ақы есептелмейді.

## IX. Салық полициясы қызметкерлерінің киім үлгісі



49. Салық полициясының жоғары басшы құрамына арналған киім үлгісі

а) Салтанатты біркиер киім үлгісіне мыналар кіреді:

бас киім - алтын түсті және жиегінде алтын жіптен тігісі бар кокардалы, жиегі көгілдір, толқын түстес фуражка;

мундирдің жағасы мен жеңі алтын жіппен әдіптелген, толқын түстес, қос қаусырмалы ашық салтанат мундирі;

қара галстук пен ақ жейде;

көгілдір көмкермесі және лампасы бар, толқын түстес кең балақ шалбар;

алтын түсті салтанат белдігі;

ақ қолғап;

аяқ киім - шевролы қара туфли;

қара ұйық;

б) Күнделікті киім үлгісіне мыналар кіреді:

бас киім - алтын түсті және жиегінде алтын жіптен тігісі бар

кокардалы, жиегі көгілдір, қоңыр түсті күнделікті киетін фуражка;

қоңыр түсті, жалғыз қаусырмалы күнделікті киетін ашық китель, төрт түйемен түймеленеді, төсқалталары жапсырмалы, ішке қараған жанқалталары жабық. Кительдің жағасында алтын түстес тігісі бар;

қоңыр галстук пен ашық-қоңыр жейде;

жабық жапсырмалы қалталары және ішке қараған ысырмалы жанқалталары бар ысырмалы кеудеше;

көк көмкермесі және лампасы бар кең балақ қоңыр шалбар;

аяқ киім - күңгірт-қоңыр түсті шевролы туфли;

қоңыр ұйық.

Жеңіл жазғы киім нұсқасы - күнделікті фуражка, галстуксыз қысқа жең жейде, кең балақ шалбар. Бәрі де жеңіл матадан тігілген, қоңыр туфли.

Салқын күндері жазғы киім кигенде:

жүн матадан тігілген күңгірт-қоңыр түсті пальто;

қоңыр кашне;

аяқ киім - қоңыр туфли.

Күнделікті қысқы киімдер жиынтығына мыналар кіреді:

кокардасы бар, төбесі көгілдір түсті шұғадан қаракөл папаха;  
жылы астары бар, сұрғылт түсті драптан тігілген және қаракөл  
жағалы қос қаусырмалы пальто, үш түймемен түймеленеді. Сол жағында  
сәндік үшін қадалған үш түймесі бар, қалталары ішке қараған, жабық;

табиғи мехтан астары бар, қоңыр түсті матадан тігілген, қоңыр  
түсті қаракөл жағасы бар кеудеше-бушлат;

ақ және сұр кашне;

қоңыр түсті қысқа қонышты жылы етік;

жылы астарлы қоңыр былғары қолғап;

жартылай жүн ұйық;

в) Әйелдер үшін салтанатты біркиер киім үлгісіне мыналар  
кіреді:

алтын түсті және алтын жіптен тігісі бар кокардалы, көк оқалы,  
тоқын түстес телпек;

жағасында алтын жіптен тігісі, және қайырмасында петлицалары  
бар, толқын түстес, қос қаусырмалы салтанат мундирі;

толқын түстес юбка;

қара галстук пен ақ жейде (блузка);

ақ қолғап;

шевролы қара туфли;

"Эластик" колготкалар;

г) Әйелдер үшін күнделікті киім үлгісіне мыналар кіреді:

көк оқалы, алтын түсті кокардалы қоңыр телпек;

күнделікті киетін қоңыр түсті, жалғыз қаусырмалы китель, төрт  
түймемен түймеленеді, ішке қараған жанқалталары жабық. Жағасы алтын  
жіппен әдіптелген;

қоңыр галстук пен ашық-қоңыр жейде;

қоңыр юбка;

шевролы қара туфли;

жеңіл жазғы киім нұсқасы - ашық-қоңыр пилотка, жеңіл матадан  
тігілген ашық-қоңыр көйлек.

Салқын күндері киетін жазғы киім:

жүн матадан тігілген қоңыр пальто;

қоңыр кашне;

қара туфли.

қысқы киімдер жиынтығына мыналар кіреді:

алтын түсті кокардалы, төбесі көгілдір шұғадан сұр  
қаракөлкубанка;

қайырмасы көк оқалы және сұр қаракөл жағалы, қос қаусырмалы

маусымдық сұр пальто;  
ақ және сұр кашне;  
жылы астары бар қара етік;  
жылы астары бар қоңыр былғары қолғап;  
жартылай жүн колготка.

#### 50. Аға, орта және кіші басшы құрамға арналған киім үлгісі

а) Салтанатты-біркиер киім үлгісіне мыналар кіреді:  
бас киім - көк жиекті, толқын түстес фуражка;  
жағасында эмблемалы көк петлицалары бар, толқын түсті,  
салтанатты-біркиер ақын мундир;

алтын түсті, пропорщиктер үшін көк погондар;  
қара галстук пен ақ жейде;  
көк оқалы кең балақ шалбар;  
алтын түсті салтанат белдігі;  
аяқ киім - шевролы қара туфли;  
ақ қолғап;

қара ұйық;

б) Күнделікті киім үлгісіне мыналар кіреді:

бас киім - күнделікті қоңыр фуражка. Кокардасы мен өрмелі бауы  
алтын түсті, прапорщиктерде алтын түсті баудың орнына - лакталған  
қара бау;

қоңыр түсті, жалғыз қапсырмалы күнделікті ашық китель, төрт  
түймемен түймеленеді, төсқалталары жапсырмалы, ішке қараған  
жанқалталары жабық. Жағасында эмблемалары бар;

қоңыр галстук пен ашық-қоңыр жейде;

көк оқалы кең балақ қоңыр шалбар;

қақпақты жапсырмалы қалталары, ішке қараған тістүймелі  
жанқалталары бар тістүймелі кеудеше;

аяқ киім - шевролы қоңыр туфли;

қоңыр ұйық.

Жеңіл жазғы киім нұсқасы - күнделікті фуражка, галстуксыз қысқа  
жең жейде, кең балақ шалбар. Бәрі де жеңіл матадан тігілген.

Салқын күндері киетін жазғы киім:

жартылай жүн матадан тігілген белдікті пальто;

қоңыр кашне;

аяқ киім - қоңыр туфли.

Күнделікті қысқы киімдер жиынтығына мыналар кіреді:  
цигейкадан (салық полициясының полковниктері үшін қаракөлден)  
тігілген кокардалы сұр құлақшын;

жылы астары алмалы-салмалы және цигейка (қаракөл) жағалы, сұр  
шұғадан тігілген қос қаусырмалы пальто, үш түйемен түймеленеді. Сол  
жағында сәндік үшін қадалған үш түймесі бар. Қалталары ішке қараған,  
жабық;

сұр цигейка жағалы, қоңыр матадан тігілген кеудеше-бушлат;

ақ және сұр кашне;

қысқа қонышты қысқы етік;

жартылай жүн ұйық;

в) Күзет адамдары бөлімшелерінің қызметкерлеріне арналған киім  
үлгісіне мыналар кіреді:

жер түсті мақта-мата фуражка;

мақта-матадан бойлай пішілген жер түсті кеудеше мен шалбар, жер  
түсті ішкөйлек;

биік қонышты бәтеңке;

былғары керек-жарак;

қоңыр ұйық.

Қысқы киімдер жиынтығына мыналар кіреді:

цигейкадан (салық полициясының полковниктері үшін қаракөлден)  
тігілген құлақшын;

жағасы жасанды мехтан (салық полициясының полковниктері үшін  
цигейкадан) салынған, жылы астары бар кеудеше;

жылы астары бар биік қонышты бәтеңке;

былғары керек-жарак;

жартылай жүн ұйық;

г) Әйелдердің салтанатты-біркиер киім үлгісі:

алтын түсті кокардалы, қой терісінен тігілген толқын түстес  
телпек;

жалғыз қапсырмалы, салтанатты-біркиер ашық мундир, жанқалталары  
ішке қараған, жабық, жағасында эмблемалы көк петлицалары бар;

толқын түстес юбка;

қара галстук пен ақ жейде;

погондары алтын түсті;

қара туфли;

ақ қолғап;

"Эластик" колготкалар;

д) Әйелдердің күнделікті киім үлгісіне мыналар кіреді:

көк оқалы, алтын түсті кокардалы қоңыр телпек;  
жалғыз қаусырмалы, күнделікті ашық китель, төрт түймемен  
түймеленеді, жанқалталары ішке қараған, жабық. Жағасында эмблемалары  
бар;

қоңыр галстук пен ашық-қоңыр жейде;  
қоңыр юбка.

Жеңіл жазғы киім нұсқасы - ашық-қоңыр пилотка, белдікті  
ашық-қоңыр көйлек.

Салқын күндері киетін жазғы киім:  
жартылай жүн матадан тігілген белдікті пальто;  
қоңыр кашне;  
аяқ киім - шевролы жабық туфли.

Күнделікті қысқы киімдер жиынтығына мыналар кіреді:  
алтын түсті кокардалы, сұр қаракөлден тігілген кубанка;  
астары алмалы-салмалы, қаракөл жағалы, қос қаусырмалы маусымдық  
күңгірт-сұр пальто;

сұр түсті мех жағалы, табиғи мехтан астары бар, күңгірт-қоңыр  
матадан тігілген кеудеше-бушлат;

сұр кашне;  
қоңыр түсті жүн қолғап;  
шевролы қысқы етік;  
жартылай жүн колготка.

## 51. Салық полициясы қызметкерлері погондарының сипаттамасы

Салық полициясы органдары қызметкерлерінің погондары мен жеңге  
тағатын белгілері қызметкерлердің арнаулы әскери атағын, сондай-ақ олардың  
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық қызметінің салық  
полициясында істейтінін айқындауға арналған.

Погондар салтанатты, күнделікті болып белгіленген. Киімге бекітілу тәсіліне  
қарай олар тігілмелі немесе алмалы-салмалы болуы мүмкін.

Погондардың бетінде берілген арнаулы әскери атаққа сәйкес мыналар  
орналастырылады: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі,  
бес бұрышты жұлдыздар мен жұлдызшалар, солардың арасындағы бос жерлер,  
өрнекті тігістер, эмблемалар.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасы бейнесінің, жұлдыздар мен жұлдызшалардың мөлшері сипатталған шеңбердің диаметрімен айқындалады.

Погондардың мөлшері: ұзындығы - 13,0 - 18,0 см;

а) жоғары басшы құрам үшін - 6,5 см (сырт жейделерде - 5,5 см);

б) аға, орта және кіші басшы құрам үшін - 6,0 см (сырт жейделерде - 5,5 см).

#### Жоғары басшы құрамның погондары

##### а) Салтанат погондары

Погондар - беті алтын жалатқан талшықтан (пальтоға тағатын погондар сұрғылт жібектен) дайындалып, ерекше әдіспен тоқылған галуннан жасалады, к ө к о қ а л ы .

Жоғары басшылардың погондарындағы диаметрі 22 м жұлдызшалар алтын жалатқан жіңішке сыммен өрнектелген және қырлары көк жібекпен көмкерілген. Жұлдызшалардың саны арнаулы әскери атаққа сәйкес келеді.

Сырт жейдеге тағатын погондар - оқасыз. Погондардың беті жейде қандай матадан тігілсе, сондай матамен қапталады, алтын жалатқан жіңішке сыммен өрнектелген галунның суреті болады.

Жоғары басшы құрамның погондарындағы жұлдыздар мен эмблемалар мундирге тағатын погондармен бірдей, бірақ жұлдызшалары оқаланбаған.

##### б) Күнделікті погондар

Погондар - беті ерекше әдіспен тоқылған қоңыр түсті жібек галуннан жасалады, көгілдір оқалы.

Жоғары басшы құрамның погондарындағы жұлдыздар, жұлдызшалар мен эмблемалар салтанат погондарымен бірдей, погондарға қадалған жұлдыздар оқаланбаған.

Сырт жейдеге тағатын погондар мундир кигенде жейдеге тағатын погондармен бірдей, бірақ погондардың беті күнделікті жейде қандай матадан тігілсе, сондай матамен қапталады.

#### Орта және аға басшы құрамның погондары

#### а) Салтанат погондары

Погондар - беті алтын түсті металл галуннан жасалады, оқалары мен аралық бос жерлері көк түсті.

Аға басшы құрамның погондарында екі аралық бос жер және диаметрі 20 мм алтын түсті металл жұлдызшалар болады. Орта басшы құрамның погондарында бір аралық бос жер және диаметрі 13 мм алтын түсті металл жұлдызшалар болады. Погондардағы жұлдызшалардың саны арнаулы әскери атаққа сәйкес к е л е д і .

#### б) Күнделікті погондар

Погондар - беті қоңыр түсті жібек галуннан жасалады, оқалары, аралық бос жерлері болмайды.

Аралық бос жерлері мен жұлдызшалары салтанат погондарында қандай болса, сондай болады,

Сырт жейдеге тағатын погондар беті қоңыр түсті жібек галуннан жасалады, оқалары болмайды, аралық бос жерлері мен эмблемалары болады. Погондардағы аралық бос жерлер мен жұлдызшалар салтанат погондарында қандай болса, сондай болады.

#### в) Қызмет адамдарын күзету бөлімшелеріне арналған погондар

Погондар - камуфляж түсті, киімнің екі жеңіне орнықтырыла тігіледі, оқалары мен аралық бос жерлері болмайды. Жұлдызшалары жер түсті.

#### Кіші басшы құрамның погондары

##### а) Салтанат погондары

Погондар - беті көк түсті жібек галуннан жасалады, оқалары болмайды.

Погондарға диаметрі 13 мм алтын түсті металл жұлдызшалар қадалған. Погондардағы жұлдызшалардың саны арнаулы әскери атаққа сәйкес келеді.

## б) Күнделікті погондар

Погондар - беті қоңыр түсті жібек галуннан жасалған, оқалары болмайды. Погондардағы жұлдызшалар салтанат погондарында қандай болса, сондай болады.

Сырт жейдеге тағатын погондар - беті қоңыр түсті жібек галуннан жасалған, оқалары болмайды, эмблемалары бар. Погондардағы жұлдызшалар салтанат погондарында қандай болса, сондай болады.

## 52. Салық полициясы қызметкерлерінің кокардалары, эмблемалары және бас киімдер мен киімдерге әдіптелетін өрнектер

а) Жоғары басшы құрамның салтанатты және күнделікті фуражкасындағы кокарда мен өрнектер:

Диаметрі биіктігі бойынша 36 мм, ені бойынша 28 мм, жартылай сопақша нысандағы кокарда анодталған алюминийден және басқа да түсті металдардың қорытпаларынан жасалады. Кокарданың нақ ортасы көгілдір түспен боялып, оған қыран мен алтын түсті күннің суреті салынған. Кокарданың жиегі шашыраған сәуле түрінде бейнеленген.

Фуражкадағы өрнек алтын жалатқан жіңішке сыммен әдіптелген. Кокарданың екі жағына төрт-төрттен тармақ тігіледі.

б) Жоғары, аға, орта және кіші басшы құрам адамдарының папахасындағы, құлақшынындағы кубанкасы мен күнделікті фуражкасындағы кокардалар бірдей болады.

қызмет адамдарын күзету бөлімшелерінің мақта матадан тігілген фуражкаларына тағылатын кокардалар нақ сондай рәмізбен, бірақ жер түсті етіп жасалады.

в) Аға, орта және кіші басшы құрам адамдарының салтанатты-біркиер фуражкасына тағылатын эмблемалы кокарда алтын түсті алюминий қорытпасынан тұтас құйылып жасалады.

Кокарда жартылай сопақша түрінде болады, екі қапталы мен төменгі жағы еніне қарай созылған бірнеше тармақтармен жиектеледі.

Эмблеманың мөлшері - биіктігі бойынша 42 мм, ені бойынша 88 мм.

г) Жоғары басшы құрам адамдарының салтанатты киімінің жағасы мен қайырмасындағы өрнек алтын жалатқан жіңішке сыммен тармақ түрінде



әдіптеледі, жағадағы тармақтың ұзындығы 65 мм, ені - 18-20 мм, қайырмадағы тармақтың ұзындығы 190 мм, ені 25 мм.

д) Салық полициясының барлық қызметкерлеріне арналған салтанат белдіктерінің тоғасы түсті металдар қорытпаларынан жасалады және сопақша болып келеді. Тоғаның диаметрі - биіктігі 50 мм, ені - 42 мм.

Жоғары басшы құрам үшін - тоғаның ортасында диаметрі 23 мм Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы, аға, орта және кіші басшы құрам үшін - бес бұрышты жұлдыз болады, жұлдыздың нақ ортасындағы күн бейнесінің үстіне қыранның суреті орналасқан. Елтаңба мен жұлдыз емен жапырақтарынан өрілген гүлдестемен көмкерілген. Тоға мен оның бетіндегі барлық нысандар - а л т ы н т ү с т і .

е) Салық полициясы органдары қызметкерлерінің үлгі киімдеріне тағатын түймелердің диаметрі: жоғары басшы құрамға арналған үлкен түймелер 24 мм, қалған құрамға - 22 мм, кішкентай түймелер - 14 мм болып жасалады. Жоғары басшы құрамға арналған түймелерде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы, қалған құрам үшін - бес бұрышты жұлдыз бейнеленген, жұлдыздың нақ ортасындағы күн бейнесінің үстіне қыранның суреті орналасқан.

ж) Жеңге тағатын белгі тоқылған немесе тоқылмаған материалдардан ашық көк түсті алты бұрышты қалқан түрінде дайындалады, жеңге тағатын белгінің ортасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы, жалаудың жоғарғы жағында - "Қазақстан Республикасы" деген жазу, жалаудың астында - "Салық полициясы" деген жазу орналасқан.

з) Кеуденің сол жағындағы жапсырмалы қалтаның үстінен салтанатты және күнделікті киімге түсті металдардың қорытпаларынан жасалған алтын түсті жетон бекітіледі. Көгілдір эмаль бояуын жалатқан, диаметрі 60 мм бес бұрышты жұлдыздың бейнесі үстіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы, оның жоғарғы жағына

- "Қазақстан Республикасы" деген жазу, елтаңбаның астына - "Салық полициясы" деген жазу орналастырылады. Қызмет адамдарын күзету бөлімшелері қызметкерлерінің арқасына "Салық полициясы" деген жазу жазылады.

и) Эмблема алтын түсті алюминий қорытпасынан жасалады. Диаметрі 18 мм бес бұрышты жұлдыздың бейнесі үстіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы орналастырылады.

### 53. Салық полициясының қызметкерлерін заттай мүлікпен жабдықтау нормалары

Заттардың атауы	Бір адамға берілген заттардың саны	Киіп жүру мерзімі
1	2	3

Жоғары басшы құрамның адамдары үшін

I. Киім-кешек

- |  |        |       |
|--|--------|-------|
| 1. Салтанатты-біркиер жүн фуражка                          | 1 дана | 5 жыл |
| 2. Күнделікті фуражка                                      | 1 дана | 2 жыл |
| 3. Қаракөл папаха  | 1 дана | 5 жыл |
| 4. Кубанка   | 1 дана | 5 жыл |
| 5. Толқын түстес телпек                                    | 1 дана | 4 жыл |
| 6. Қоңыр телпек  | 1 дана | 3 жыл |
| 7. Погондары бар пальто                                    | 1 дана | 4 жыл |
| 8. Погондары бар кеудеше-бушлат                            | 1 дана | 3 жыл |
| 9. Погондары мен петлицалары бар салтанатты-біркиер мундир | 1 дана | 5 жыл |
| 10. Погондары мен эмблемалары бар күнделікті китель        | 1 дана | 3 жыл |
| 11. Погондары бары ысырмалы кеудеше                        | 1 дана | 3 жыл |
| 12. Салтанатты-біркиер кең балақ шалбар                    | 1 дана | 3 жыл |
| 13. Күнделікті кең шалбар                                  | 1 дана | 2 жыл |
| 14. Жазғы жүн пальто                                       | 1 дана | 4 жыл |
| 15. Жазғы жеңіл кең балақ шалбар                           | 1 дана | 2 жыл |
| 16. Толқын түстес юбка                                     | 1 дана | 4 жыл |
| 17. Қоңыр юбка   | 1 дана | 3 жыл |
| 18. Көйлек   | 1 дана | 2 жыл |
| 19. Салтанат қолғабы                                       | 1 пар  | 3 жыл |
| 20. Қысқы қолғап   | 1 пар  | 3 жыл |

II. Аяқ киім

- |                         |       |       |
|-------------------------|-------|-------|
| 21. Қысқы қысқа етік    | 1 пар | 3 жыл |
| 22. Шевролы қара етік   | 1 пар | 3 жыл |
| 23. Шевролы қоңыр туфли | 1 пар | 2 жыл |
| 24. Ерлер ұйығы         | 3 пар | 1 жыл |
| 25. Колготка            | 3 пар | 1 жыл |

III. Іш киім

- |  |        |        |
|--|--------|--------|
| 26. Күнделікті кительге тағылған<br>сырт погондары бар жейде                 | 2 дана | 1 жыл  |
| 27. Салтанат мундиріне тағылған<br>погондары бар сыртқы ақ жейде             | 1 дана | 2 жыл  |
| 28. Жазғы жеңіл сырт жейде   | 1 дана | 2 жыл  |
| 29. Салтанатты-біркиер мундирге<br>тағатын галстук                           | 1 дана | 2 жыл  |
| 30. Күнделікті кительге тағатын<br>галстуктер                                | 2 дана | 1 жыл  |
| 31. Кашне (ақ және қоңыр)  | 2 дана | 3 жыл  |
| IV. Керек-жарақ  |        |        |
| 32. Салтанат белдігі   | 1 дана | 15 жыл |
| 33. Күнделікті тартпа<br>Аға, орта және кіші басшы<br>құрамның адамдары үшін | 1 жиын | 5 жыл  |
| I. Киім-кешек  |        |        |
| 1. Салтанатты-біркиер жүк фуражка  | 1 дана | 3 жыл  |
| 2. Күнделікті фуражка  | 1 дана | 2 жыл  |
| 3. Камуфляжды фуражка  | 1 дана | 1 жыл  |
| 4. Қаракөлден тігілген құлақшын  | 1 дана | 5 жыл  |
| 5. Цигейкадан тігілген құлақшын  | 1 дана | 3 жыл  |
| 6. Погондары бар пальто  | 1 дана | 4 жыл  |
| 7. Жазғы жүн пальто  | 1 дана | 4 жыл  |
| 8. Погондары мен петлицалары бар<br>салтанатты-біркиер мундир                | 1 дана | 4 жыл  |
| 9. Погондары мен эмблемалары бар<br>күнделікті китель                        | 1 дана | 3 жыл  |
| 10. Ысырмалы кеудеше   | 1 дана | 3 жыл  |
| 11. Салтанатты-біркиер шалбар  | 1 дана | 3 жыл  |
| 12. Күнделікті шалбар  | 1 дана | 2 жыл  |
| 13. Жазғы жеңіл кең балақ шалбар   | 1 дана | 2 жыл  |
| 14. Камуфляжды кеудеше мен шалбар  | 2 жиын | 1 жыл  |
| 15. Мех астарлы кеудеше-бушлат   | 1 дана | 3 жыл  |
| 16. Камуфляжды жылы кеудеше мен шалбар                                       | 1 жиын | 2 жыл  |
| 17. Толқын түстес юбка   | 1 дана | 4 жыл  |
| 18. Қоңыр юбка   | 1 дана | 3 жыл  |
| 19. Көйлек   | 1 дана | 2 жыл  |
| 20. Салтанат қолғабы   | 1 пар  | 3 жыл  |
| 21. Қысқы қолғап   | 1 пар  | 3 жыл  |

22. Колготка 3 пар 1 жыл

23. Ұйық 3 пар 1 жыл

#### II. Аяқ киім

24. Қысқы қысқа етік 1 пар 3 жыл

25. Шевролы қара туфли 1 пар 3 жыл

26. Шевролы қоңыр етік 1 пар 2 жыл

27. Биік қонышты бәтеңке 1 пар 2 жыл

28. Биік қонышты жылы бәтеңке 1 пар 2 жыл

#### III. Іш киім

29. Күнделікті кительге тағылған  
сырт погондары бар жейде 2 дана 1 жыл

30. Салтанат мундиріне қосып  
киетін сыртқы ақ жейде 1 дана 2 жыл

31. Жазғы жеңіл жейде 1 дана 2 жыл

32. Салтанатты-біркиер мундирге  
тағатын қара галстук 1 дана 2 жыл

33. Күнделікті кительге тағатын  
қоңыр галстук 2 дана 1 жыл

34. Кашне (сұр және қоңыр) 2 дана 3 жыл

#### IV. Керек-жарақ

35. Салтанат белдігі 1 дана 15 жыл

36. Күнделікті офицер тартпасы 1 жиын 6 жыл

37. Шалбарға тағатын былғары белдік 1 дана 6 жыл

38. Погонға қадайтын жұлдыздар 36 дана 3 жыл

39. Бас киім белгісі (кокарда) 3 дана 2 жыл

40. Диаметрі 24 мм түймелер 40 дана 3 жыл

41. Диаметрі 22 мм түймелер 40 дана 3 жыл

42. Диаметрі 14 мм түймелер 40 дана 3 жыл

43. Жетон (кеудеге тағатын нөмірлі  
белгі) 1 дана 5 жыл

44. Алюминий қорытпасынан жасалған  
диаметрі 18 мм эмблема 5 дана 3 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК